

**«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2025 жылғы «29» тамыздағы №4 хаттама)
«БЕКІТІЛГЕН»**



2020 жылғы 25 желтоқсандағы директорлар кеңесінің шешімімен (№3 хаттама) бекітілген (2023 жылғы 04 мамырдағы №1 хаттамаға өзгерістер енгізілді) «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректорға, басқарма мүшелері мен бас бухгалтерге еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары туралы Ережесіне өзгерістер

1. «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректордың, басқарма мүшелері мен бас бухгалтерге еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары туралы Ереже» құжатының атауы мынадай редакцияда жазылсын: «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы –Ректорға және басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары туралы Ереже».
2. 1-тараудың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың, басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-Н Заңының негізінде және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 шілдедегі № 326 бұйрығымен бекітілген Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың басшы жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттары туралы үлгілік Ережеге сәйкес әзірленді».
3. 1-тараудың 2-тармағының 3-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «жылдық сыйлықақы – қол жеткізілген табыстарды материалдық көтермелеу және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында жұмыс нәтижелеріне байланысты Қоғамның басшы қызметкерлеріне жылына бір рет төленетін жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы. Жылдық сыйлықақы тұрақты сипатта болмайды.».
4. 1-тараудың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «Қоғамның басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру Қоғамның ағымдағы қаржы жылына арналған даму жоспарында еңбекақы төлеуге көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.».
5. 1-тараудың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «Қоғамның басшы қызметкерлерінің айлық лауазымдық айлықақысының мөлшері, жылдық сыйлықақы алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалатын еңбек шартында айқындалады.».
6. 4 және 5 тараулар құжаттан алып тасталсын.

«УТВЕРЖДЕНО»
решением Совета директоров
НАО «Павлодарский педагогический
университет имени Әлкей Марғұлан»
(от «29» августа 2025г. протокол №4)



Изменение в Положение

об условиях оплаты труда и премирования Председателя Правления-Ректора, членов Правления и главного бухгалтера НАО «Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан» утвержденного решением Совета директоров от 25 декабря 2020года протокол №3 (с изменениями от 04 мая 2023года протокол №1)

1. Наименование документа «Положение об условиях оплаты труда и премирования Председателя Правления-Ректора, членов Правления и главного бухгалтера НАО «Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан» изложить в следующей редакции: «Положение об условиях оплаты труда и премирования Председателя Правления-Ректора и членов Правления НАО «Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан».
2. пункт 1 главы 1 изложить в следующей редакции: « Настоящее положение об условиях оплаты труда и премирования Председателя Правления - Ректора, членов Правления НАО «Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан» (далее - Положение) разработано на основании Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года № 415-Н «Об акционерных обществах», и в соответствии с Типовым положением об условиях оплаты труда и премирование руководящих работников национальных компаний, акционерных обществ, контрольные пакеты акций которых принадлежат государству, утвержденным приказом заместителя Премьер-Министра - Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 29 июля 2023 года № 326».
3. подпункт 3 пункта 2 главы 1 изложить в следующей редакции: «годовая премия - вознаграждение по итогам работы за год, выплачиваемое руководящим работникам Общества один раз в год в зависимости от результатов работы с целью материального поощрения достигнутых успехов и повышения эффективности работы. Годовая премия не носит постоянный характер.».
4. пункт 4 главы 1 изложить в следующей редакции: «Оплата труда и премирование руководящих работников Общества производится за счет средств, предусмотренных на оплату труда в Плате развития Общества на текущий финансовый год.».
5. пункт 5 главы 1 изложить в следующей редакции: «Размер месячного должностного оклада, право на получения годовой премии руководящих работников Общества определяются в трудовом договоре, заключаемом в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.».
6. исключить из документа главы 4 и 5.